



**8D10102 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін PhD докторант  
Кантуреева Айгерим Мамытжановнаның  
«Антиоксиданттық белсенділігі бар емдік-косметологиялық затты жасауды  
теориялық - эксперименттік негіздеу және стандарттау» тақырыбына  
дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация  
ғылымдарының докторы, профессор  
Устенова Гульбарам Омаргазиевнаның**

### ШІКІРІ

Айгерим Мамытжановна Кантурееваның диссертациялық жұмысы *Ceratocarpus arenarius* L. кешенді фармакогностикалық зерттеуге, стандарттауға және технологиясына арналған. Жұмыс өзекті, өйткені импортты алмастыратын дәрілік заттарды, оның ішінде өсімдік тектес субстанцияларды және парфюмерлік-косметикалық өнімдерді құру және енгізу Мемлекеттің Стратегиялық жоспарын табысты іске асыруға ықпал ететін болады.

Кантуреева Айгерим Мамытжановна 2019 жылдан 2022 жылға дейін С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің PhD докторантурасында 8D10102- «Фармация» мамандығы бойынша оқыды. Оқу кезеңінде ол жоғарыда аталған мамандық бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және ғылыми-зерттеу даярлығын қамтитын білім беру бағдарламасын толық игерді. А.М. Кантуреева оқу барысында зерттеу жұмыс тәжірибесін игеріп жетілдірді, республикалық және халықаралық деңгейде өткізілетін ғылыми-практикалық конференцияларға, форумдарға қатысты. Диссертация нәтижелерін апробациялау шеңберіндегі баяндамалар, мақалалар, тезистер мазмұндылығымен, жаңалығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

2022 жылы А.М. Кантуреева Любляна Университетінің (Словения) фармацевтикалық технология және фармацевтикалық биология кафедраларында тағылымдамадан өтті. Айта кету керек, докторант бағдарламалық жасақтамасы бар жабдықтарда эксперименттік жұмыстарды орындаудың заманауи әдістерін игерді және алынған нәтижелерді түсіндіре алады, қорытынды жасай алады.

Автор *Ceratocarpus arenarius* L. шикізатының кешенді фармакогностикалық зерттеуін жүргізді. Морфологиялық және анатомиялық диагностикалық белгілері белгіленді, қазіргі фармакопоялық талаптарға сәйкес дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау жүргізілді, сондай-ақ *Ceratocarpus arenarius* L. шикізатының тұрақтылығы мен сақтау шарттары белгіленді. *Ceratocarpus arenarius* L. шикізатының биологиялық белсенділігінің скринингі антиоксиданттық және цитоуытты белсенділіктердің профилін көрсетті, экстракт негізінде антиоксидантты крем алынып, стандартталды.



Диссертацияның негізгі ережелері жарияланымдарда: Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін «Molecules» (Q2) халықаралық басылымында, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы патентпен расталды. Теориялық және практикалық маңыздылығы отандық дәрі-дәрмек өндірушілерге, соның ішінде косметикалық өнімдерге арналған ұсыныстарда тұжырымдалған.

А.М. Кантуреева тәртіптілігімен, дербестігімен, командада тиімді жұмыс істеу қабілетімен, сондай-ақ көшбасшылық қасиеті және коммуникативтілігімен ерекшеленеді.

Жалпы, орындалған диссертациялық жұмыстың көлемі мен мазмұны өзектілігі, жаңалығы, практикалық маңыздылығы бойынша қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

А.М. Кантурееваны қалыптасқан ғылыми зерттеуші, педагог және қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше алатын маман ретінде сипаттауға болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Айгерим Мамытжановна Кантурееваға 8D10102- «Фармация» мамадығы бойынша философия (PhD) беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
Фармация ғылымдарының докторы,  
профессор



Г.О.Устенова